

<p style="text-align: center;">Өтініш берушілердің ASTS+сауда-клирингілік жүйесінің терминалына арналған электрондық цифрлық қолтаңба алуы бойынша қызметтер көрсету туралы</p> <p style="text-align: center;">КЕЛІСІМ - ШАРТ</p>	<p style="text-align: center;">ДОГОВОР</p> <p style="text-align: center;">о предоставлении услуг по получению заявителями электронной цифровой подписи для терминала торгово-клиринговой системы ASTS+</p>
<p style="text-align: right;">Алматы қ.</p> <p>Келісім-шарт қосылу Келісім-шарты болып табылады және "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының Биржа мен Куәландырушы орталық арасында жасалған қызметтер көрсету туралы Келісім-шарт негізінде өтініш берушілердің ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің терминалы үшін электрондық цифрлық қолтаңба алуы бойынша қызметтер көрсетуінің стандартты талаптарын анықтайды.</p>	<p style="text-align: right;">г. Алматы</p> <p>Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия предоставления акционерным обществом "Казахстанская фондовая биржа" услуг по получению заявителями электронной цифровой подписи для терминала торгово-клиринговой системы ASTS+, на основании Договора о предоставлении услуг, заключенного между Биржей и Удостоверяющим центром.</p>
<p>1. КЕЛІСІМ-ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР</p> <p>1.1. Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ.</p> <p>1.2. Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш – өтініш берушінің "eTransfer.kz", ASTS+ СКЖ, is2in жүйелеріне тіркеу куәлігін беру жөніндегі қызметтерді ұсыну және "eTransfer.kz" жүйесіне кіруді қамтамасыз ету Ережелеріне 4 қосымшаның нысаны бойынша Өтініш беруші толтырған және қол қойған келісім-шартқа қосылу туралы жазбаша өтініші.</p> <p>1.3. Өтініш беруші – Биржаның немесе КО эмитенті не мүшесі болып табылатын, қол қойып Биржаға өтініш жіберу арқылы, келісім-шартта көзделген тәртіппен Биржамен келісім-шарт жасасқан, заңды тұлға.</p> <p>1.4. "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің терминалы" – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.</p> <p>1.5. "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесі" – сауда-саттыққа қатысушылар арасында қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын материалдық-техникалық құралдар мен өзге де активтер мен процедуралар кешені.</p> <p>1.6. "электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)" – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.</p>	<p>1. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ДОГОВОРЕ</p> <p>1.1. Биржа – АО "Казахстанская фондовая биржа".</p> <p>1.2. Заявление о присоединении к Договору – письменное заявление Заявителя о присоединении к Договору по форме Приложения 4 к Правилам предоставления услуг по выдаче регистрационного свидетельства к системам "eTransfer.kz", ТКС ASTS+, is2in и предоставлению доступа к системе "eTransfer.kz", заполненное и подписанное Заявителем.</p> <p>1.3. Заявитель – юридическое лицо, являющееся эмитентом либо членом Биржи или контрагентом КЦ, заключившее с Биржей Договор путем подписания и направления Бирже заявления в порядке, предусмотренном Договором.</p> <p>1.4. "терминал торгово-клиринговой системы ASTS+" – программное обеспечение, для участия в торгах, проводимых Биржей в торгово-клиринговой системе ASTS+.</p> <p>1.5. "торгово-клиринговая система ASTS+" – комплекс материально-технических средств и иных активов и процедур, с использованием которых заключаются сделки с финансовыми инструментами между участниками торгов.</p> <p>1.6. "электронная цифровая подпись (ЭЦП)" – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания.</p>

<p>1.7 "электрондық құжат" – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат.</p> <p>1.8. "тіркеу куәлігінің иесі" – тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін, тіркеу куәлігі берілген заңды тұлға.</p> <p>1.9. "ЭЦҚ-ның жабық кілті" – тіркеу куәлігінің иесіне белгілі және ЭЦҚ құралдарын пайдалана отырып ЭЦҚ жасауға арналған электрондық цифрлық символдар тізбегі.</p> <p>1.10. "ЭЦҚ ашық кілті" – кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы ЭЦҚ түпнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар тізбегі.</p> <p>1.11. "тіркеу куәлігі" – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға ЭЦҚ сәйкестігін растау үшін Куәландырушы орталық беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат.</p> <p>1.12. "бастапқы инициализациялау кілттері" – өтініш беруші Куәландырушы орталықпен жұмысты бастау үшін, оның ішінде оларды ЭЦҚ криптографиялық кілттеріне ауыстыру үшін пайдаланатын криптографиялық кілттер.</p> <p>1.13. "бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігі" – Куәландырушы орталықпен жұмысты бастау үшін, оның ішінде ЭЦҚ тіркеу куәлігін алу үшін өтініш берушіге Куәландырушы орталық беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат.</p> <p>1.14. "ЭЦҚ құралдары" – ЭЦҚ жасау және түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;</p> <p>1.15. "Куәландырушы орталық" – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы атынан ЭЦҚ ашық кілтінің ЭЦҚ жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға.</p>	<p>1.7 "электронный документ" – документ, в котором информация представлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством ЭЦП.</p> <p>1.8. "владелец регистрационного свидетельства" – юридическое лицо, на которое выдано регистрационное свидетельство, правомерно владеющее закрытым ключом, соответствующим открытому ключу, указанному в регистрационном свидетельстве.</p> <p>1.9. "закрытый ключ ЭЦП" – последовательность электронных цифровых символов, известная владельцу регистрационного свидетельства и предназначенная для создания ЭЦП с использованием средств ЭЦП.</p> <p>1.10. "открытый ключ ЭЦП" – последовательность электронных цифровых символов, доступная любому лицу и предназначенная для подтверждения подлинности ЭЦП в электронном документе.</p> <p>1.11. "регистрационное свидетельство" – документ на бумажном носителе или электронный документ, выдаваемый Удостоверяющим центром для подтверждения соответствия ЭЦП требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан.</p> <p>1.12. "ключи первичной инициализации" – криптографические ключи, используемые Заявителем для начала работы с Удостоверяющим центром, в том числе для их замены на криптографические ключи ЭЦП.</p> <p>1.13. "регистрационное свидетельство первичной инициализации" – документ на бумажном носителе или электронный документ, выдаваемый Удостоверяющим центром Заявителю для начала работы с Удостоверяющим центром, в том числе для получения регистрационного свидетельства ЭЦП.</p> <p>1.14. "средства ЭЦП" – совокупность программных и технических средств, используемых для создания и проверки подлинности ЭЦП.</p> <p>1.15. "Удостоверяющий центр" – юридическое лицо, удостоверяющее соответствие открытого ключа ЭЦП закрытому ключу ЭЦП, а также подтверждающее достоверность регистрационного свидетельства, в лице Акционерного общества "Национальная платежная</p>
---	--

<p>1.16. "тіркеу куәлігін тіркеу" – тіркеу куәлігін тіркеу куәліктерінің тіркеліміне енгізу.</p> <p>1.17. "тіркеу куәлігін кері қайтарып алу (күшін жою) – Куәландырушы орталықта тіркеу куәлігін жарамсыз (күшін жойған) деп тану процедурасы.</p> <p>1.18. "негізгі ақпаратты тасымалдаушы" – ЭЦҚ жабық кілттерінің қорғалған қоймасы (смарт-карта, негізгі дискета және басқалар).</p> <p>1.19. "ТУМАР-CSP" ("ТУМАР-CSP" БҚ) – ақпаратты криптографиялық қорғаудың бағдарламалық құралы, криптографиялық стандарттар мен алгоритмдерді іске асыруды қамтитын тәуелсіз бағдарламалық модулі болып табылады.</p> <p>1.20. Ережелер – "eTransfer.kz", ASTS+ СКЖ, is2in жүйелерге тіркеу куәлігін беру жөніндегі қызметтерді ұсыну және "eTransfer.kz" жүйесіне кіруді қамтамасыз ету ережелері.</p> <p>1.21. Тараптар – Биржа мен Өтініш беруші.</p>	<p>корпорация Национального Банка Республики Казахстан".</p> <p>1.16. "регистрация регистрационного свидетельства" – внесение регистрационного свидетельства в регистр регистрационных свидетельств.</p> <p>1.17. "отзыв (аннулирование) регистрационного свидетельства" – процедура признания регистрационного свидетельства не действительным (аннулированным) в Удостоверяющем центре.</p> <p>1.18. "носитель ключевой информации" – защищенное хранилище закрытых ключей ЭЦП (смарт-карта, ключевая дискета и другие).</p> <p>1.19. "ТУМАР-CSP" (ПО "ТУМАР-CSP") – программное средство криптографической защиты информации, является независимым программным модулем, содержащим реализацию криптографических стандартов и алгоритмов.</p> <p>1.20. Правила – Правила предоставления услуг по выдаче регистрационного свидетельства к системам "eTransfer.kz", ТКС ASTS+, is2in и предоставлению доступа к системе "eTransfer.kz".</p> <p>1.21. Стороны – Биржа и Заявитель.</p>
<p align="center">2. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ</p> <p>2.1. Келісім-шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының қағидаларына сәйкес Тараптар жасасатын қосылу келісім-шарты болып табылады, оның талаптарын өтініш беруші Келісім-шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.</p> <p>2.2. Келісім-шарт Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсында жарияланды.</p> <p>2.3. Келісім-шартқа сәйкес Биржа Куәландырушы орталықтың қызметтерін ұсыну туралы келісім-шартқа сәйкес өкілеттілерге ие бола отырып, өтініш берушіге Келісім-шарттың 2.4 тармағында көрсетілген қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) ұсынады, ал өтініш беруші осы Қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.</p> <p>2.4. Биржа көрсететін қызметтер өтініш берушінің куәландырушы орталықтың қызметтерін ұсыну туралы келісім-шартқа қосылуына бағытталған және мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырудан тұрады:</p> <p>1) Келісім-шартқа 1 қосымшаға сәйкес Өтініш берушіден өтініш қабылдау;</p>	<p align="center">2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА</p> <p>2.1. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Заявителем не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>2.2. Договор опубликован на интернет-ресурсе Биржи www.kase.kz.</p> <p>2.3. В соответствии с Договором Биржа, обладая полномочиями в соответствии с Договором о предоставлении услуг удостоверяющего центра, предоставляет Заявителю услуги, указанные в пункте 2.4 Договора (далее – Услуги), а Заявитель обязуется оплатить эти Услуги.</p> <p>2.4. Услуги, оказываемые Биржей, направлены на присоединение Заявителя к Договору о предоставлении услуг удостоверяющего центра и заключаются в осуществлении следующих действий:</p>

<p>2) Өтініш беруші туралы қажетті деректерді Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесіне беру;</p> <p>3) Өтініш беруші үшін бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігін қалыптастыру;</p> <p>4) Өтініш беруші үшін бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігін беру үшін Куәландырушы орталыққа сұрау салуды қалыптастыру және беру;</p> <p>5) Куәландырушы орталықтан электрондық құжат нысанында өтініш берушінің бастапқы бастамалау тіркеу куәлігін алу;</p> <p>6) Өтініш берушіге Келісім-шарттың 4.1 тармағының б) тармақшасында көзделген құжаттарды беру;</p> <p>7) Өтініш берушіге Куәландырушы орталық жүйесінде ашық және жабық кілттерді қалыптастыруға байланысты мәселелер бойынша консультациялар түрінде техникалық қолдау көрсету.</p>	<p>1) принятию от Заявителя заявления в соответствии с приложением 1 к Договору;</p> <p>2) передачи необходимых данных о Заявителе в информационную систему Удостоверяющего центра;</p> <p>3) формирования регистрационного свидетельства первичной инициализации для Заявителя;</p> <p>4) формирования и передачи запроса в Удостоверяющий центр на выдачу регистрационного свидетельства первичной инициализации для Заявителя;</p> <p>5) получения от Удостоверяющего центра в форме электронного документа регистрационного свидетельства первичной инициализации Заявителя;</p> <p>6) выдачи Заявителю документов, предусмотренных подпунктом б) пункта 4.1 Договора;</p> <p>7) оказание Заявителю технической поддержки в виде консультаций по вопросам, связанным с формированием открытого и закрытого ключей в системе Удостоверяющего центра.</p>
<p align="center">3. КЕЛІСІМ-ШАРТҚА ҚОСЫЛУ ШАРТТАРЫ</p> <p>3.1. Өтінім беруші Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Келісім-шартқа қосылады, бұл ретте Өтінім беруші Биржа осындай өтінішті тіркегеннен кейін Келісім-шартқа қосылған болып есептеледі.</p> <p>3.2. Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші мынаны растайды және келіседі:</p> <p>1) Келісім-шарттың стандартты талаптарының қағидаларын толық көлемде, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз алды, оқыды, түсінді және келісті және Келісім-шарттың барлық ережелерін уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенеді;</p> <p>2) Келісім-шарт қағидаларын орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне алады;</p> <p>3) Өтініш беруші Биржаның Келісім-шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыруының барлық</p>	<p align="center">3. УСЛОВИЯ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К ДОГОВОРУ</p> <p>3.1. Заявитель присоединяется к Договору путем подписания Заявления о присоединении к Договору, при этом Заявитель считается присоединившимся к Договору после регистрации Биржей такого Заявления в качестве заключенного договора.</p> <p>3.2. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Заявитель подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <p>1) получил, прочитал, понял и согласился с положениями стандартных условий Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора;</p> <p>2) принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений Договора;</p> <p>3) Заявитель соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Биржей Услуг, предусмотренных Договором;</p>

<p>шарттарымен және тәртібімен келіседі;</p> <p>4) Келісім-шарттың барлық қағидалары Өтініш берушінің мүдделері мен өз еркіне толық сәйкес келеді;</p> <p>5) Егер Биржада Өтінім берушінің Келісім-шартқа қосылу туралы қол қойған өтінішінің данасы болса, Келісім-шарт оқылмағанының/түсінілмегенінің/қабылданбағанының дәлелі ретінде Өтініш берушінің Келісім-шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ.</p>	<p>4) все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Заявителя;</p> <p>5) Заявитель не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Биржи имеется экземпляр подписанного Заявителем Заявления о присоединении к Договору.</p>
<p align="center">4. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ</p> <p>4.1. Биржа міндетті:</p> <p>1) Өтініш берушіден өтінішті қабылдаған кезде Келісім-шартқа 1 қосымша бойынша Өтініш беруші заңды тұлғаны және оның өкілін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама негізінде жеке басын куәландыратын құжат бойынша сәйкестендіру;</p> <p>2) Өтініш берушіден өтініш қабылданғаннан кейін Келісім-шартқа 1 қосымша бойынша кілттер мен тіркеу куәлігін дайындауға және/немесе қағаз жеткізгіште ресімделген тіркеу куәлігін тіркеуге арналған өтініште қамтылған мәліметтердің Өтініш берушіні немесе оның өкілін сәйкестендіретін Өтініш беруші ұсынған құжаттарға (жеке куәлік/паспорт, БСН / ЖСН, туралы анықтама заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу) сәйкестігіне салыстырып тексеру жүргізу;</p> <p>3) Өтініш беруші үшін бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігін беруге сұрау салуларды қалыптастыру және Куәландырушы орталыққа беру;</p> <p>4) Өтініш берушінің бастапқы инициализациялау куәлігін қалыптастыру;</p> <p>5) Куәландырушы орталықтан электрондық құжат нысанында өтініш берушінің бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігін алу;</p> <p>6) Келісім-шарттың 4.1 тармағының 1)-5) тармақшаларында көзделген</p>	<p align="center">4. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>4.1. Биржа обязана:</p> <p>1) при принятии заявления от Заявителя по форме приложения 1 к Договору идентифицировать Заявителя на основании справки о государственной регистрации/перерегистрации юридического лица и его представителя – по документу, удостоверяющему личность;</p> <p>2) после принятия заявления от Заявителя по форме приложения 1 к Договору провести сверку сведений, содержащихся в заявлении на изготовление ключей и регистрационного свидетельства и/или регистрацию регистрационного свидетельства, оформленного на бумажном носителе, на соответствие предъявленным Заявителем документам, идентифицирующим Заявителя или его представителя (удостоверение личности/паспорт, БИН/ИИН, справка о государственной регистрации/перерегистрации юридического лица);</p> <p>3) формировать и передавать в Удостоверяющий центр запросы на выдачу регистрационного свидетельства первичной инициализации для Заявителя;</p> <p>4) сформировать свидетельство первичной инициализации Заявителя;</p> <p>5) получить от Удостоверяющего центра в форме электронного документа регистрационное свидетельство первичной инициализации Заявителя;</p> <p>6) после выполнения действий, предусмотренных подпунктами 1)–5)</p>

<p>әрекеттерді орындағаннан кейін Өтініш берушіге беру:</p> <p>электрондық құжат нысанында Куәландырушы орталықтың бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігі;</p> <p>7) Өтініш берушіге техникалық қолдау көрсету оған мыналар кіреді: куәландырушы орталық жүйесінде ашық және жабық кілттерді қалыптастыруға байланысты мәселелер бойынша кеңес беру; қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату; алынған ЭЦҚ сертификаттарын "ТУМАР-CSP" БҚ импорттау; "ТУМАР-CSP" БҚ лицензиясын жыл сайын жаңарту; ЭЦҚ орнату және пайдалану үшін қажетті құжаттаманы ұсыну және тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету. Консультациялар демалыс және мереке күндерін, сондай-ақ профилактикалық жұмыстарды жүргізу уақытын қоспағанда, жұмыс күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін және 14.00-ден 18.00-ге дейін пайдаланушылардың жұмыс станцияларына қашықтан қосылу жолымен телефон арқылы, электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады;</p> <p>8) Биржа ЭЦҚ-ны бұзған/жоғалтқан, иесі туралы деректер өзгерген немесе Өтініш беруші ауысқан жағдайда ЭЦҚ сертификаттарын үш есеге дейін тегін қайта шығаруды жүргізеді.</p> <p>3.2. Өтініш беруші міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Биржаға қағаз жеткізгіштегі Келісім-шартқа 1 қосымшада көрсетілген нысан бойынша толтырылған және қол қойылған өтінішті ұсыну; 2) Келісім-шартқа сәйкес Биржа көрсеткен қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеу; 3) ЭЦҚ-ның жабық кілтін құпия сақтау және оның жоғалуын, ашылуын, бұрмалануын және рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдау; 4) ЭЦҚ-ның жабық кілті жоғалған, ашылған, бұрмаланған немесе оны рұқсатсыз пайдаланған жағдайда биржаға өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігін 	<p>пункта 4.1 Договора, передать Заявителю:</p> <p>регистрационное свидетельство первичной инициализации Удостоверяющего центра в форме электронного документа;</p> <p>7) оказывать Заявителю техническую поддержку, в которую входят: консультирование по вопросам, связанным с формированием открытого и закрытого ключей в системе Удостоверяющего центра; установки необходимого программного обеспечения; импорт полученных сертификатов ЭЦП в ПО "ТУМАР-CSP"; ежегодное обновление лицензии ПО "ТУМАР-CSP"; предоставление необходимой документации для установки и эксплуатации ЭЦП и соответствующего программного обеспечения. Консультации осуществляются по телефону, посредством электронной почты, путем удаленного подключения к рабочим станциям пользователей в рабочие дни с 09.00 до 13.00 и с 14.00 до 18.00 часов времени города Алматы, за исключением выходных и праздничных дней, а также времени проведения профилактических работ;</p> <p>8) Биржа производит бесплатный перевыпуск сертификатов ЭЦП до трех раз, в случае компрометации/утраты ЭЦП, изменения данных о владельце или смены Заявителя.</p> <p>3.2. Заявитель обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) предоставить Бирже заполненное и подписанное заявление по форме, указанной в приложении 1 к Договору, на бумажном носителе; 2) своевременно и в полном объеме оплачивать Услуги, оказанные Биржей в соответствии с Договором; 3) хранить в тайне закрытый ключ ЭЦП и принять все возможные меры для предотвращения его потери, раскрытия, искажения и несанкционированного использования; 4) немедленно обратиться к Бирже с официальным запросом на отзыв своего регистрационного свидетельства ЭЦП в случае потери, раскрытия, искажения закрытого ключа ЭЦП или
--	--

<p>қайтарып алуға ресми сұрау салумен дереу жүгінуге;</p> <p>5) тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаның электрондық мекенжайына тиісті жаңа тіркеу куәлігін шығаруға сұрау салу, сондай-ақ Келісім-шартқа 1 қосымшада белгіленген нысан бойынша тиісті өтініш жіберу.</p> <p>6) Биржаның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Биржаға қажетті құжаттарды ұсыну;</p>	<p>несанкционированного его использования;</p> <p>5) не позднее чем за семь рабочих дней до истечения срока действия регистрационного свидетельства отправить на электронный адрес Биржи запрос на выпуск соответствующего нового регистрационного свидетельства, а также соответствующее заявление по форме, установленной приложением 1 к Договору;</p> <p>6) предоставить Бирже необходимые документы в соответствии с требованиями внутренних документов Биржи и законодательства Республики Казахстан;</p>
<p style="text-align: center;">5. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ</p> <p>5.1. Келісім-шарт бойынша қызметтің құны Ережелерімен қарастырылған және Биржаның Интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланған тарифтерге сәйкес анықталады.</p> <p>5.2. Биржа Өтініш берушіге Келісім-шарт шеңберінде толық алдын ала төлем шарттарымен Қызмет көрсетеді.</p> <p>5.3. Өтініш беруші Биржаға қызметтер үшін тиісті тарифті Келісім-шартқа 2 қосымшада белгіленген мөлшерде төлейді. Биржа қызметтеріне ақы төлеген Өтініш берушінің, оның ішінде Келісім-шартқа сәйкес Куәландырушы орталықтан бастапқы инициализациялауды тіркеу куәлігін алуға құқығы бар.</p> <p>5.4. Биржаның тиісті қызметтер көрсетудің аяқталу күні Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған күн болып табылады.</p> <p>5.5. Келісім-шартта қарастырылған Биржа Қызметтеріне ақы төлеуді Өтініш беруші осы шот Өтініш берушіге берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Биржа беретін төлем шотының негізінде Биржаның банктік шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырады.</p> <p>5.6. Биржа Өтініш берушіге орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей қағаз немесе электрондық түрде ұсынады.</p>	<p style="text-align: center;">5. ПОРЯДОК ОПЛАТЫ</p> <p>5.1. Стоимость Услуги по Договору определяется в соответствии с тарифами, предусмотренными Правилами, и опубликованными на интернет-ресурсе Биржи (www.kase.kz).</p> <p>5.2. Биржа предоставляет Заявителю Услуги в рамках Договора на условиях полной предоплаты.</p> <p>5.3. Заявитель оплачивает Бирже соответствующий тариф за Услуги в размерах, установленных в приложении 2 к Договору. Заявитель, оплативший Услуги Биржи, имеет в том числе право на получение регистрационного свидетельства первичной инициализации от Удостоверяющего центра в соответствии с Договором.</p> <p>5.4. Датой окончания оказания Биржей соответствующих Услуг является дата прекращения действия Договора.</p> <p>5.5. Оплата Услуг Биржи, предусмотренная Договором, осуществляется Заявителем на основании счета на оплату, выставяемого Биржей, путем перевода денег на банковский счет Биржи в течение пяти рабочих дней со дня выставления Заявителю данного счета.</p> <p>5.6. Биржа предоставляет Заявителю Акт выполненных работ (оказанных услуг) не позднее пятого числа месяца, следующего за отчетным в бумажном или электронном виде.</p>
<p style="text-align: center;">6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</p> <p>6.1. Келісім-шарт талаптары орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда</p>	<p style="text-align: center;">6. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</p> <p>6.1. В случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения условий Договора Стороны несут ответственность в соответствии с</p>

<p>Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.</p> <p>6.2. Өтініш беруші Келісім-шарттың 5.3 тармағында белгіленген төлем мерзімін бұзған жағдайда, Биржа өтініш берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Биржа қызметтерін төлеуге арналған шотта көрсетілген соманың 0,1 % мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының он пайызынан аспайтындай, өсімпұл өндіріп алуға құқылы.</p> <p>6.3. Биржа Келісім-шарттың 4.1 тармағында бекітілген өз міндеттерін бұзған жағдайда, Өтініш беруші Биржадан Келісім-шарттың 5.1 тармағында көрсетілген соманың 0,1 % мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтындай, осындай бұзушылықтың әрбір жағдайы үшін өсімпұл өндіріп алуға құқылы.</p> <p>6.4. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.</p> <p>6.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды/өсімпұлды) төлеу Тарап екінші Тараптан төлем туралы тиісті талапты және шотты алған күннен бастап 10 (он) жұмысшы ішінде жүзеге асырылады.</p> <p>6.6. Тұрақсыздық айыбын есептеу және өндіріп алу Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады.</p>	<p>законодательством Республики Казахстан.</p> <p>6.2. В случае нарушения Заявителем срока оплаты, установленного пунктом 5.3 Договора, Биржа вправе взыскать с Заявителя пеню в размере 0,1 % от суммы, указанной в счете на оплату Услуг Биржи, за каждый день просрочки, но не более десяти процентов от общей суммы Договора.</p> <p>6.3. В случае нарушения Биржей своих обязанностей, закрепленных пунктом 4.1 Договора, Заявитель вправе взыскать с Биржи пеню в размере 0,1 % от суммы, указанной в пункте 5.1 Договора, за каждый случай такого нарушения, но не более 5 (пяти) процентов от общей суммы Договора.</p> <p>6.4. Уплата неустойки не освобождает Стороны от исполнения своих обязательств, предусмотренных Договором.</p> <p>6.5. Уплата неустойки (штрафа/пени) осуществляется в течение 10 (десяти) рабочих, с даты получения Стороной соответствующего требования об оплате и счета от другой Стороны.</p> <p>6.6. Начисление и взыскание неустойки является правом, а не обязанностью Сторон.</p>
<p style="text-align: center;">7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ</p> <p>7.1. Тараптардың әрқайсысы Келісім-шарттың талаптарын үшінші тұлғаларға жария етпеуге, сондай – ақ шартты жасасу және орындау барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың (бұдан әрі – Құпия ақпарат) қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.</p> <p>Құпия ақпарат құпия (Ақпарат) болып белгіленетін немесе өз сипаты бойынша өзге түрде анық құпия болып табылатын, соның ішінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Келісім-шартты жасасу және/немесе орындау шеңберінде басқа Тарапқа белгілі болған ақпаратты білдіреді:</p> <p>Өтініш берушінің тіркеу куәлігіне сәйкес келетін бастапқы инициализациялаудың жабық кілттері және ЭЦҚ; өзінің сипаты бойынша жария емес, құпия немесе меншік құқығымен қорғалатын кез келген ақпарат; осындай ақпаратты қамтитын немесе қамтитын кез келген материал;</p>	<p style="text-align: center;">7. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ</p> <p>7.1. Каждая из Сторон обязуется не разглашать третьим лицам условия Договора, а также сохранять строгую конфиденциальность финансовой, коммерческой и прочей информации (далее – Конфиденциальная информация), полученной от другой Стороны в ходе заключения и исполнения Договора.</p> <p>Конфиденциальная информация означает информацию, ставшую известной другой Стороне в рамках заключения и/или исполнения Договора, которая (Информация) обозначена как конфиденциальная или которая иным образом явно конфиденциальна по своему характеру, включая помимо прочего следующее:</p> <p>закрываемые ключи первичной инициализации и ЭЦП Заявителя, соответствующие регистрационному свидетельству Заявителя; любая информация, которая является</p>

